

**Алматы облысының (қаласының, ауданының) құрметті азаматы атағын беру
Қағидаларын бекіту туралы**

Алматы облыстық мәслихатының 2025 жылғы 25 ақпандағы № 33-180 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2025 жылғы 26 ақпанда № 6217-05 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 12-2) тармақшасына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес, Алматы облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алматы облысының (қаласының, ауданының) құрметті азаматы" атағын беру Қағидалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Күші жойылды деп танылсын:

1) Алматы облыстық мәслихатының 2015 жылғы 20 мамырдағы "Алматы облысының (қаласының, ауданының) құрметті азаматы" атағын беру Қағидаларын бекіту туралы" № 45-261 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3242 болып тіркелген);

2) Алматы облыстық мәслихатының 2018 жылғы 30 наурыздағы "Алматы облыстық мәслихатының 2015 жылғы 20 мамырдағы "Алматы облысының (қаласының, ауданының) құрметті азаматы" атағын беру Қағидаларын бекіту туралы" № 45-261 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" № 29-155 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4654 болып тіркелген).

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы облысы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

К. Байгоджаев

Алматы облыстық мәслихатының 2025
жылғы 25 ақпандағы № 33-180
шешіміне қосымша

"Алматы облысының (қаласының, ауданының) құрметті азаматы" атағын беру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы "Алматы облысының (қаласының, ауданының) құрметті азаматы" атағын беру Қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және "Алматы облысының (қаласының, ауданының) құрметті азаматы" атағын (бұдан әрі – Атақ) беру тәртібін реттейді.

2. Атақтың берілуі марапатталушылардың облыстың (қаланың, ауданның) экономикалық, әлеуметтік және рухани даму саласындағы ерекше еңбектерін қоғамның мойындағанын білдіру және маңызды моральдық ынталандырудың бірі болып табылады.

3. Атақ азаматтарға, олардың:

- 1) облыстың (қаланың, ауданның) әлеуметтік-экономикалық дамуына;
- 2) қоғамды демократияландыруға, облыс (қала, аудан) халқын әлеуметтік қорғау шараларын жүзеге асыруға;
- 3) жаратылыс, техникалық және қоғамдық ғылымдардың маңызды бағыттары бойынша іргелі зерттеулер жүргізуге, тиімділігі жоғары жаңа техника мен технология әзірлеу мен енгізуге;
- 4) халықтар мәдениетін дамыту, өзара әрекет ету мен байытуға, өнер, әдебиет және журналистикада жоғарғы көркем туындылар жасауға;
- 5) жеткіншек ұрпаққа адамгершілік және патриоттық тәрбие беруге, оқытудың жаңа түрлерін практикалық іс жүзіне асыруға;
- 6) облыс (қала, аудан) тұрғындарының денсаулығын сақтауға, қоршаған табиғи ортаны сауықтыруға, дене тәрбиесі мен спортты дамытуға;
- 7) мемлекеттік және әскери қызметке;
- 8) заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті нығайтуға;
- 9) меценаттық және қайырымдылық қызметіне қосқан нақты және маңызды үлесі үшін беріледі.

2. Атаққа ұсыну және беру тәртібі

4. Атақ жылына екі мәрте он бес азаматтан аспай беріледі.

5. Атақ облыс (қала, аудан) әкімінің ұсынысы бойынша тиісті мәслихаттың шешімімен беріледі.

6. Атақ беру туралы қолдаухатты мемлекеттік органдардың, мекемелердің, ұйымдардың, кәсіпорындардың, ведомстволардың, бірлестіктердің, қоғамдық ұйымдардың және шығармашылық одақтардың басшылары облыс (қала, аудан) әкімінің қарауына ұсынады.

7. Атаққа ұсынылып отырған үміткер тікелей жұмыс істейтін мемлекеттік органның, мекеменің, ұйымның, кәсіпорынның, ведомствоның, бірлестіктің, сондай-ақ қоғамдық ұйымның еңбек ұжымы жиналысында Атақ беру үшін ұсынылған кандидатура және оған берілетін мінездеме қаралып, бекітіледі.

8. Атаққа ұсынылушының әрқайсысына Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 8 қарашадағы № 90 өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградауға ұсынудың және оларды тапсырудың тәртібі туралы Нұсқаулыққа қоса берілген № 1 нысан бойынша награда қағазы толтырылады. Награда қағазында Атақ беруге ұсынылушының жеке басын куәландыратын құжаты

бойынша тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, жұмыс істеп жүрген цехтың, бөлімнің, бірлестіктің, мекеменің, ұйымның толық атауы көрсетіледі.

9. Атаққа ұсынылушы ғалымдар, ғылым мен техника қайраткерлерінің награда қағазына ғылыми жұмыстарының тізімі, өнертапқыштардың енгізген өнертабыстарының тізбесі қоса беріледі.

10. Награда қағазына 3x4 сантиметр көлемді түрлі-түсті 2 фотосурет қоса беріледі.

11. Атақ беру туралы қолдаухат қолдау таппаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзімде оның себебі туралы түсіндірме беріледі.

12. Атақ берілген тұлғаларға куәлік, төсбелгі және лента тапсырылады.

13. Куәліктерді, төсбелгілерді және ленталарды дайындау облыс (қала, аудан) әкімінің аппаратына жүктеледі және дайындау шығынын қаржыландыру тиісті жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

14. Атаққа қоса берілетін куәлікті, төсбелгіні және лентаны облыс (қала, аудан) әкімі, облыстық (қалалық, аудандық) мәслихаттың төрағасы және уәкілетті ресми өкілдер салтанатты жағдайда тапсырады.

15. Куәлікті, төсбелгіні және лентаны тапсыру туралы хаттама толтырылып, оған тапсыруды жүзеге асырған лауазымды тұлға қол қояды.

16. Атаққа қоса берілетін төсбелгі немесе лента жоғалған жағдайда телқұжаты берілмейді.

17. Атаққа қоса берілетін куәлік жоғалған жағдайда, оның телқұжаты, марапатталған адамның жазбаша өтініші бойынша, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарындағы жоғалғандығына байланысты жарамсыз деп тану туралы жарияланған хабарлама ұсынылғанда облыс (қала, аудан) әкімінің келісімімен берілуі мүмкін.

3. Атаққа қоса берілетін куәлік, төсбелгі және лентаның сипаттамасы

Куәлік

18. Куәлік қою көк түсті былғарыдан жасалады, жайылған түрде өлшемі 22x7 см, сыртқы бетінде Алматы облысының (қаланың, ауданның) таңбасы бейнеленіп, "АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ (ҚАЛАСЫНЫҢ, АУДАНЫНЫҢ) ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ" деп баспаханалық қаріппен мемлекеттік тілде жазылған. Бірінші жолда "АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ (ҚАЛАСЫНЫҢ, АУДАНЫНЫҢ)", екінші жолда "ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ".

19. Куәліктің ішкі жағы көгілдір түсті, жайылған түрінде көлемі 20x6,5 см, сол және оң жағында мемлекеттік және орыс тілдерінде асты қызыл желекпен сызылған "Алматы облысы (қаласы, ауданы)", "Алматинская область (город, район)" деген мәтін бар, куәлік нөмірі, тегі, аты, әкесінің аты және облыс (қала, аудан) мәслихатының қабылдаған шешімінің күні, нөмірі және берілген күні көрсетіледі.

20. Куәліктің ішкі сол жағына көлемі 3x4 сантиметр сурет жапсырылады. Суреттен төмен облыс (қала, аудан) әкімінің қолы қойылады. Ішкі оң жағында Алматы облысының (қаланың, ауданның) таңбасы бейнеленген, төменгі жағында "АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ (ҚАЛАСЫ, АУДАНЫ)" деген жазу, артқы фонның ортасында жиектелген шеңбер бар. Шеңбердің ішінде күн, оның астында бүркіттің самғаған сұлбасы, шеңберден сәулелер тарайды.

21. Куәлікке қойылған қол гербті мөрмен расталады. 22. Куәліктің сол және оң жақ беттері ламинатталады.

Төсбелгі

23. Төсбелгі алтын түсті металдан (жезден) дайындалады және диаметрі 34 мм дұрыс шеңбер нысанында болады.

Алдыңғы жағында (аверсінде) төсбелгінің барлық элементтері шығыңқы, жылтыр. Төсбелгінің фоны көгілдір түсті эмальмен боялған. Орталық бөлігінде көк фонда барыстың стильдік бейнесі орналасқан. "Барыс" алтын түсті сақинамен қоршалған, одан толқынды алтын сәулелер тарайды. Сыртқы сақинада ақ фонда жұлдыздармен бөлінген мәтін орналасқан. Жоғарғы жағында "ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТ" деген жазу, төменгі бөлігінде "АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ (ҚАЛАСЫ, АУДАНЫ)" деген жазу орналасады.

Төсбелгінің сыртқы жағы (реверс) күңгірт.

24. Төсбелгі құлақша мен шығыршық арқылы көлемі 35x31 мм көгілдір түсті жібек муар лентамен қапталған және төменгі бөлігінде ұлттық ою-өрнек салынған бес бұрышты қалыпқа бекітіледі. Лентаның ені 30 мм.

Төсбелгі киімге визорлы бекіткіші бар түйреуіш арқылы бекітіледі.

Лента

25. Лента ұзындығы – 210 сантиметр, ені – 20 сантиметр көгілдір түсті матадан жасалған. Лентаның ортасында "Алматы облысының (қаласының, ауданының) құрметті азаматы" деген алтын түсті жіппен тігілген жазу және Алматы облысының (қаласының, ауданының) таңбасы орналасқан. Лентаның екі жақ ұшы алтын түсті шашақтармен көмкерілген.

4. Атақтан айыру және қалпына келтіру

26. Атақ берілген тұлға, атақ беру туралы қолдаухат енгізген органның ұсынысы бойынша облыстық (қалалық, аудандық) мәслихаттың шешімімен:

- 1) үлкен қоғамдық резонанс тудыратын жағымсыз мінез-құлық көрсеткен жағдайда;
- 2) соттың айыптау үкімі заңды күшіне енгеннен кейін атағынан айырылады.

27. Сот шешімі бойынша заңсыз сотталғандар және толық ақталғандардың Атаққа құқығы облыстық (қалалық, аудандық) мәслихаттың шешімімен қайта қалпына келтіріледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК